

**Картбаева Ж.Ж¹, Қазбек А.С.¹*

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

БОЛАШАҚ МЕКТЕП ПСИХОЛОГТАРЫН ДАЙЫНДАУДА ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ мектеп психологтарды заман талабына сай ақпараттық жүйелерді дайындаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері қарастырылды. Мектеп психологтардың жаңа технологияны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдану, білім алушылардың креативтілік қасиеттерін дамытып, интеллектуалдық және эмоционалды интеллекті арттыру бойынша пайдалануға ұсынылады, материалдарды қолдану және интерпретация ұсынылады.

Түйін сөздер: *мектеп психологтары, ақпараттық жүйелер, әдістеме, ақпараттық қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру моделі, психологиялық диагностика.*

**Картбаева Ж.Ж¹, Қазбек А.С.¹*

¹ Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Ақтөбе, Қазақстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ШКОЛЬНЫХ ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

В статье рассмотрены организационно-методические основы обучения будущих школьных психологов современным информационным системам. Школа основана на использовании психологами новых технологий в соответствии с возрастными особенностями учащихся, с целью развития творческих качеств учащихся и повышения их интеллектуальной результативности рекомендуется использование материалов и интерпретации.

Ключевые слова: *школьные психологи, информационные системы, методология, информационное общество, средства массовой информации, образовательная модель, психологическая диагностика.*

**Kartbaeva Zh.Zh.¹, Kazbek A.S.¹*

¹ Aktobe Regional University named after K. Zhubanova, Aktobe, Kazakhstan

USE OF MODERN INFORMATION SYSTEMS IN THE TRAINING OF FUTURE SCHOOL PSYCHOLOGISTS

Abstract

The article discusses the organizational and methodological foundations of teaching future school psychologists to modern information systems. The school is based on the use of new technologies by psychologists in accordance with the age characteristics of students, in order to develop the creative qualities of students and increase their intellectual performance, the use of materials and interpretation is recommended.

Keywords: school psychologists, information systems, methodology, information society, mass media, educational model, psychological diagnostics.

Кіріспе. Ақпараттандыру тақырыбы қазіргі уақытта ең өзекті және кеңінен талқыланатын тақырыптардың бірі болып табылады. Ақпараттандыру феномені дүниетанымдық әмбебап категориялар қатарына кіреді. Ақпарат және телекоммуникациялар қазіргі ақпараттық қоғамда ерекше танымдық мәнге ие болып қана қоймай, оның өмірін ұйымдастырудағы қуатты өзгертуші күшке айналады.

Қазіргі тұлғалар ақпараттандыру деп аталатын ортақ тарихи процеске қосылу үстінде. Ең маңыздысы, қазіргі постиндустриалды қоғамда бұрын материалдық игіліктерді өндіретін индустриялық қоғаммен салыстырғанда ақпарат өндірісі негізгі қызмет түріне айналып отыр.

Ақпараттық толы социумның басты құндылықтары:

1. білім;
2. тәжірибе;
3. креативті ойлау;
4. келген ақпаратты өңдей білу, сүзгіден өткізу, қабылдау;
5. тек жеке өз саласында ғана емес, өзгеде салалардан білімнің болуы [1].

Білім мен біліктілікті қарастыра отырып, эрудициядан, білімді арнайы проблемаларды шешуге пайдаланумен қатар, білімнің теориялық деңгейінен креативті ойлау қабілетті тұлға үшін жоғары бағаланады. Бұл күзінеттіліктің алдыңғы орын алады. Ақпараттық қоғамның даму статусын анықтау жағдайында және арнайы күзінеттер (күзінеттілік – дағды, ерекше бағаланатын қасиеттер) бойынша Еуропа білім беру кеңесі анықтаған:

1. Әлеуметтік – саяси ақпараттаран хабардар болу;
2. Ақпараттар арасындағы айырмашылықтарды, ерекшеліктерді қабылдау, түсіну. Айырмашылықтарды қабылдау, өзара анықтауға бағытталған бір мәдени қоғамның мәдениетін, дінін, тілін, өмір сүру қабілеттерін қабылдау;
3. Қоғамдық және профессионалды қызметте ерекше орын алатын вербалды және вербалды емес коммуникацияны меңгеру;
4. Жаңа технологияны меңгеру;
5. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілетін ақпараттарға және жарнамаларға сыни қарай алу қабілеті(ақпараттың жалған немесе шынайы екенін айыра алу);
6. Қабілет – профессионалды өмірде, индивидуалды және қоғамдық өмірде үздіксіз, тоқтаусыз дайындық бойынша өмір бойы даму нәтижесінде шындалатын психологиялық қасиет болып табылады[2]. Демек, «қоғамды ақпараттандыру» тіркесі жаһандық әлеуметтік процесс бойынша сипаттауға болады, қоғамды ақпараттандыру ерекшелігі - қоғамдық өндіріс салаларындағы функцияның ерекше, заманауи түрі - жинау, жинақтау, өңдеу, қайта өндіру, беру және пайдалану. Бұл дағдыларға ие болған мамандар өз ісінің шебері бола алады. Психолог мамандар көпір тәрізді. Көпір үстінен ауыр автокөлік, жеңіл автокөлік, жаяу жүргінші барлығы өтеді, сол сияқты психолог маманның алдынан жас ерекшелігіне, дініне, тіліне, менталитетіне байланысты ерекшелігі бар клиенттер келеді.

Зерттеу әдістері. Бүгінгі технологиялық дәуірде жаңа, заманауи компьютерлік технологияларды қосумен бірге «технология» деген тіркес жиі жүреді. ХХ ғ. 60 жылдарында АҚШ пен Англияда жарыққа шықты, кейін өмірдің негізгі қажеттіліктеріне орай, әлем бойынша дамып, таралып кетті. Педагогика ғылымында бұл термин білім алушылардың аз ғана күш салып, ең жақсы, жоғарғы нәтижені бағындыруына, тиімді принциптері мен әдістемелерін сипаттауға бағытталған[3].

Ақпараттандыру келесі өзара байланысты процестердің жүйесі болып табылады:

1. ақпараттық – барлық әлеуметтік маңызы бар ақпаратты электрондық құралдармен сақтауға, өңдеуге және беруге қолжетімді нысанда бөлу және ұсыну;

2. когнитивтік – қоғамның барлық даму деңгейлеріндегі белсенді динамикалық процесті реттеуді қарастыратын және жаһандық ақпараттық интегралды модель құру және сақтау; жеке қауымдастықтан бастап, тұлғалардың когнитиві процестерінің дамын қарастыру;

3. материалдық – ақпараттарды электрондық түрде сақтау, өңдеу және беру үшін ғаламдық инфрақұрылымды құру[4].

Білім берудің жаңа моделіндегі ең күрделі міндет – мұғалімнің де, оқушының да өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі зерттеуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға деген жеке көзқарасын өзгерту.

Жаһандық бұқаралық коммуникация қоғамы дамуының қазіргі кезеңі кәсіби қызметтің тиімділігін арттыру құралы ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдануды сипаттайды. Қоғамның әлеуметтік тәртібі мен жоғары білім беру жүйесінде анықталатын өндірістік, практикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуге қабілетті, кәсіби функцияларды іске асыру қабілетіне, нақтылай: кәсіби қызмет кезінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды нәтижелі пайдалану. Сонымен қатар ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану тұлғалар арасында да, жекелеген әлеуметтік топтар, кәсіпорындар, өндірістер, оқу орындары арасында да ақпараттық іс-әрекет пен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру әдістері мен құралдарын жаңартады. Әлемде орын алған жағдайға байланысты қашықтықтан білім беру ел үшін жаңа тәжірибемен толықты.

«Қашықтықтан білім беру жүйесі Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына қосылуының стратегиялық мақсатына сәйкес келетін білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы қажет» - деп, Елбасы Н. Ә. Назарбаев сипаттады. [5]. Қазіргі білім беру қызметі білім беруді жаңғыртудың мақсаттары мен негізгі міндеттерін анықтайды, олардың ішінде ең бастысы – оның іргелілігін сақтауға және жеке тұлғаның, қоғамның қазіргі және болашақ қажеттіліктеріне сәйкестігіне негізделген білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз ету. Білім беру қызметінің жаңаруы, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, білім беруді ақпараттандырумен, оқыту әдістерін оңтайландырумен, ашық білім беру технологияларын белсенді қолданумен байланысты. Бұл ретте негізгі рөл маман даярлатын оқытушыларға жүктеледі, жаңғырту білім беруді білім алушының белгілі бір білім көлемін меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар оның жеке тұлғасын, оның танымдық қабілетін дамытуға бағытталуын көздейді, Дегенмен, бұл бағыттағы мәселелерді шешу көптеген себептерге байланысты белгілі бір қиындықтарға тап болады. Заманауи ақпараттық технологиялар білім беруде дәстүрлі оқу процесіне әрқашан органикалық түрде сәйкес келе бермейді.

Нәтижелерді талдау. АКТ қолдану жүйесін келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1-кезең: Нақты презентацияны қажет ететін оқу материалын анықтау, оқу бағдарламасын талдау, тақырыптық жоспарлауды талдау, тақырыптарды таңдау, сабақ түрін таңдау, осы сабақ түріне арналған материалдың ерекшеліктерін анықтау;

2-кезең: Ақпараттық өнімдерді таңдау және құру, дайын білім беру медиа ресурстарын таңдау, өз өнімін жасау (презентация, оқыту немесе бақылау);

3-кезең: Ақпараттық өнімдерді пайдалану, сабақта әр түрлі түрлерін пайдалану, оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану, оқушылардың зерттеу іс-әрекетін басқаруда пайдалану.

4-кезең: АКТ қолдану тиімділігін талдау, нәтиже динамикасын зерттеу, пән бойынша рейтингті зерделеу.

4 кезеңді қарастыра отырып, мектеп психологтардың негізгі функциясы Дубровина И.В. бойынша, білім беру кезінде психолог маманның қызметінің негізгі бағыттары психологиялық ағарту, психологиялық профилактика, психологиялық консультация, психологиялық диагностика және психологиялық коррекцияны айтамыз[6]. Психолог қызметінің ақпараттық жүйелерді қолдану, психолог маманның жұмысына әлде қайда жеңілдіктер жасайды. Себебі, психодиагностикалық тесттердің интерпретациясын ақпараттық жүйелер көмегімен орындалуы.

Б.А. Дьюк пен К.Р. Червинская субъектілер туралы деректер банкін құру технологияларын, психодиагностикалық мақсаттарға арналған сараптамалық жүйелерді және жасанды интеллект технологияларына негізделген білім базасын пайдаланды. А.Г. Шмелев пәндерді психодиагностикалық тексеру үшін компьютерлік ойындарды пайдаланды. Жоғарыда аталған зерттеулер психодиагностикалық іс-әрекетте АКТ-ны кешенді қолдану диагностиканың қамтылуын және жеделдігін айтарлықтай кеңейтуге, қорытындыны құруды жеделдетуге және сол арқылы білім беру жүйесіндегі практикалық психология қызметінің жұмысын жаңа деңгейге көшіруге болатынын көрсетті.

Б.Е. Стариченко еңбектерінде, педагогикалық мақсатқа жету үшін арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (компьютер, аудио, кино, бейне) пайдалана отырып, білім беру саласындағы технологияны қолдану:

1. Ақпараттық технология білім беру – қазіргі заманғы компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелерді пайдалануға негізделген және қабылданған білім стандартына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу процесін басқарудың ұйымдастыру формаларының, педагогикалық технологиялар мен техникалық құралдардың жиынтығы.

2. Білім берудегі ақпараттық технология білім беру үдерісін басқару жүйесінің жеке жағын компьютерлендіруді білдіреді.

3. Ақпараттық технологияны оқыту – педагогикалық компьютерлік технологияларды қолдануға негізделген мұғалімнің педагогикалық әдістемелерінің, оқыту әдістерінің жиынтығы. Берілген пәндік салада оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуді және оқытудың барлық кезеңдеріндегі нәтижелерді біржақты бақылауды қамтамасыз ететін өлшемдер (дарынды балаларды математиканы оқыту технологиясы).

4. Оқытудағы ақпараттық технология оқытудың модельдеу, бақылау, білімді түзетуге әсер етеді[7].

Педагог-психологтың кәсіби қызметінде ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолдану саласындағы ғылыми зерттеулер (Аникина М.А., Войскунский М.А., Савельева О.А., Туранова Л.М., Червинская К.Р.) негізінен ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын кәсіби қызметте қолдану мүмкіндіктерін ғана сипаттауға бағытталған. Зерттеушілер психологтарды кәсіби қызметте психологиялық мәліметтерді көрсету үшін мәтіндік, сандық, графикалық ақпаратты өңдеу технологияларын пайдалануға, компьютерлік психодиагностикалық құралдарды пайдалануға, кәсіби ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асыруға үйретудің теориясы мен әдістемесіне тиісті көңіл бөлу. телекоммуникациялық желілерде пайдалану қарастырылады[8].

Педагог психологтарын ақпараттық технология бойынша оқытуға қойылатын заманауи талаптарды талдау, сонымен қатар зерттеу бағыты бойынша әдебиеттерді зерделеу келесі қарама-қайшылықтарды анықтады:

- әлеуметтік-педагогикалық деңгейде: педагог-психологтардың психодиагностикалық қызметін тиімді ұйымдастыруға қоғамның қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың АКТ әдістері мен құралдарын жеткіліксіз пайдалану арасындағы;

- ғылыми-педагогикалық деңгейде: болашақ педагог-психологтарды психодиагностикалық іс-әрекетте АКТ-ны пайдалануға дайындау қажеттілігі мен тиісті оқытуды құрудың теориялық негіздерінің жеткіліксіз дамуы арасында;

- ғылыми-әдістемелік деңгейде: ақпараттық технология пәндерін оқу процесінде психодиагностикалық іс-әрекетте АКТ-ны қолдану үшін болашақ педагог-психологтарды дайындау мүмкіндігі мен сәйкес әдістердің жоқтығы арасында.

«Психодиагностикада ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолдану» келесідей мәселелерді қарастырады: компьютерлік тестілеудің ерекшелігі мен типтері (қашықтықтан, адаптивті, ойындар); компьютер арқылы психодиагностикалық әдістерді пайдалану арқылы іске асырылатын қазіргі уақытта психикалық күйді анықтайтын, тұлғаның индивидуалды психологиялық ерекшеліктерін, тұлғаның құрылымын, когнитивті процестерін, мінез-құлық және эмоционалды-еріктік сфераларын зерттеу әдістері; тесттерді, индивидуалды және топтық диагностикалық нәтижелерді интерпретациялау және ұсыну

үшін электрондық кестелерде өңдеуде (MS Excel программасы) пайдалану; білім алушылар туралы мәліметтерді (психодиагностикалық мәліметтер, медициналық мәліметтер, психологтардың қорытынды мәліметтері, ата-аналар туралы мәліметтер) және білім беру мекемесіндегі қызметкерлер туралы ақпараттар, психологиялық әдістер бойынша жинақтау базасы, психология ғылымы бойынша теориялық және практикалық материалдар, сілтемелерді сақтау үшін (MS Access) психологиялық интернет ресурстары; психодиагностикалық материалдарды өңдеу, реттеу мақсатында статистикалық бағдарламаларды (SPSS және Statistica) қолдану; әлеуметтік желілерде сілтеме арқылы психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу[9].

Роберт И.В., Поляков В.А. ақпараттық коммуникациялық құралдары негізінде педагог-психологтардың кәсіби оқытудың теориясы мен технологиясын дамыту; педагог-психологтардың профессионалды кәсіптік білім беруінің негізгі стратегиясын, оқыту әдістемесін және ұйымдастыру принциптерін дамытуды сипаттады: білім беру жүйесінде психолог мамандардың кәсіби қызметінде жаһандық даму барысындағы телекоммуникациялық желілердің ақпараттық ресурстарының мүмкіндіктерін іске асыру; педагог-психологтардың кәсіби жұмысында пайдаланатын ақпараттандыру және коммуникация(вербалды және вербалды емес) әдістерін педагогикалық бағалау; болашақ педагог-психологтардың оқу үдерісін және олардың кәсіби қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді автоматтандыру[10].

Қорытынды. Қазіргі заман талабына сай социумды ақпараттандырудың техникалық және гуманитариялық бағыттарында әлеуметтік себеп тудыратын екі нақты теориялық және практикалық әдіс бар:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) еңбектің нәтижелігін жүзеге асыратын құрал ретінде сипатталады және психолог маман үшін сандық интерпретация жасау өнімділігін арттырады.

2. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) тұлға үшін маңызды гуманитариялық көзқарас, ақпараттық коммуникациялық технологиялар жүйесі тек бір бағытта қызмет үшін емес, қоғам мәдениетін, қоғамның психологиялық жай-күйін реттеуге қызмет етеді.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетін талдау психологтың ақпаратты қабылдауы, өңдей алуы, қоғам менталитеніне сай сақтауы және ақпаратты қоғамға жеткізуді, тиімді әсер етуді қамтитын сипаттайды. Педагог-психолог маманның білім беру жүйесіндегі негізгі атқаратын іс –әрекеттерін ақпараттық технологиямен интеграция жасау: психологиялық ағартушылық жұмыс (онлайн материалдар, онлайн лекция), психологиялық профилактика (онлайн видео материалдар, декция, онлайн кездесулер, әлеуметтік желі арқылы баяндама), психологиялық консультация, психологиялық диагностика және психологиялық коррекция. Ақпараттық коммуникациялық технология әдістері мектеп психологтарын дайындау барысында, психологиялық бағыттар юойынша қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Мектепи психологтарын дайынлау мақсатында Психологиялық білімді арттыру, психологиялық профилактика жүргізу, психологиялық консультация жүргізу, психологиялық коррекцияны іске асыруда қолданылатын мүмкіндіктер: қандай да бір психологиялық мәліметтерді әзірлеу үшін мәтіндік ақпаратты өңдеуге, реттеуге дайындалған ақпаратты және технологияларды компьютер көмегімен визуализациялауда қолдану; мектеп психологтарына арнайы құжаттарды базалық сайттардан алуды іске асыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Antonov A.V *Informasia: vospriatia i ponimanie*. Kiev: Naukova dumka, 1988.-314p.
2. P. Babanski П.Бабанский *О didakticheskix osnovax povyshenia effektivnosti obuchenia/Narodnoe obrozovanie*. 2006. -№11. С. 105-111.
3. F.B. Boribekova, N.Zh. Zhanatbekova *Kazirgi zamangy pedagogikalyk texnologialar: Okulyk.*– Almaty: 2014. – 360p.

4. Basserman L.I., Diuk V.A., Iovlev B.A., Chervinskaya K.R. *Psixologicheskaia diagnostika I novye informasionnye texnologii.* — SPb., 2007.-348p.
5. Bidaibekov E. Y. *Bilimdi akparattandyru zhane okytu maseleleri / Okulyk.*— Almaty: 2014. — 352p.
6. Verbiskii A.A. *Psixologo-pedagogicheskie osnovy konteksknogo obuchenia v vuze : Dis. v forme nauchnogo doklada d-ra ped. Nauk.* - M., 1991.-55p.
7. Galperin P.Ia. *Vvedenie v psixologiu.* M.: Izd-vo MGU, 1976. — 150p.
8. Denisova A. L. *Teoria i metodika professionalnoi podgotovki studentov na osnove informasionnyx texnologii.* Avtoref. Diss. Doktora ped. Nauk.— M.,2004. — 28p.
9. Krasilnikova V.A. *Informasionnye i kommunikasionnye texnologii v obrazovanii: uchebnoe posobie / V.A. Krasilnikova.* M.: Dom pedagogiki, 2006. 231 p. ISBN 5-89382-108-4.
10. Krasilnilova V.A. *Elektronnyi seminar kak sredstvo razvitiia kommunikativnyx sposobnostei / B.A. Krasilnilova // Uchenye zapiski. Vyp. 16.* — M.: RAO IIO, 2005. — p. 69-73.